



Ашық сабақ

Қазақстан жерінде

мал шаруашылығының

қалыптасуы



Сабақтың мақсаты:

Білімділік: Оқушыларды ежелгі Қазақ жеріндегі қолға үйретілген үй жануарларының пайда болған уақытымен таныстыру. Ғалымдардың мәліметтерін пайдалана отырып, Қазақстандағы ауыл шаруашылығының пайдасы туралы ұғындыру.

Тәрбиелік: Өз елінің тарихын терең білумен қатар, өлкедегі тарих қойнауындағы тарихи-мәдени ескерткіштерді зерттеп, перзенттік үлестерін қоса білетін білімпаз, саналы, адамгершілік қасиеті мол ұрпақ ретінде оқыта отырып қалыптастыру.

Дамытушылық: Оқушыларды тарихи даталар мен тарихи оқиғаларды есте сақтауға, тарихи деректерді зерттей алуға, өз бетімен ізденуге, дағдыландыру.



Сабақтың түрі: Жаңа сабақ



Әдісі: Түсіндіре отырып баяндау

Көрнекілігі: Оқулық, интерактивті тақта, слайд

Сабақ барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі.

Оқушы назарын сабаққа аудару.




II. Үй тапсырмасын сұрау


1. Көшпелі қоғам жөніндегі XVII-XIX ғасырлардағы пікірлер қандай болды?
2. Көшпелілердің қоғамдық құрылысы жөнінде кеңес тарихшыларының пікірлері қандай?
3. Көшпеліліктің шығуының экологиялық, географиялық себептері қандай?
4. Көшпелілікті зерттеген қазақстандық ғалымдар кімдер, олардың қандай еңбектері бар?
5. Суретпен жұмыс




Суретке қарап әңгіме құрастыр.




1




3




2



4




5




Құдық түрлері: 1 — таяқ құдық; 2 — тырна құдық; 3, 4 — терең құдықтар (Бетпақдала); 5 — әйкел тасты терең құдық (Манғыстау).




1



2




3




4



5



6



7

Соғыс және аңшылық арбалары бейнеленген жартастағы суреттер (б. з. д. II—I ғғ.); 1, 5, 6 — Арпаөзен, 2, 3, 4, 7 — Қойбағар



Жоспары:



I. Жабайы жануарларды қолға үйрету.

II. Көшпелі шаруашылық түрлері.

III. Көшпелілердің өсірген түліктері.



I. Жабайы жануарларды қолға үйрету.

Терісек, Сексеуілді, О.Қ.
Қарағайлы, Ш.Қ.
Усть-Нарым
қоныстары.б.з.д.
3мың ж

Мал
шаруашылығы

Жабайы
жануарлар

Ежелгі мал сүйегі
Энеолит дәуірі
ескерткіштерінде

Неолит
(жаңа тас) дәуірі

Қ а з
а қ
ж е р
і

Жылқы
б.з.д.4 мыңжылдық
Шығыс Еуропа, Еділ

Алғашқы қолға
үйретілген
үй жануарлары
Б.з.д.8-7мың жылдық

Сиыр б.з.д.7 мыңжылдық
Оңтүстік Анадоли
(Түркия)

қой-арқар
(муфлон)

ешкі -таутеке
Жерорта теңізі

II. Көшпелі шаруашылық түрлері

Мал шаруашылығы

Жартылай көшпелі

Көктем, жаз, күз мезгілінде жайылымның ыңғайына қарай жылжып көшіп отырып, қыста дайын қора-жайы бар қыстауларда қыстайтын мал шаруашылығын атайды.

Жетісу, Шығыс Қазақстан
Алтай, Тарбағатай, Қаратау

Тары, арпа, бидай

Көшпелі

Отырықшы мал шаруашылығы біртіндеп дамып мал басы өседі. Осыған байланысты жайылымды кеңейту, жайылым ауыстыру қажеттігі туады.

Маңғыстау, Батыс,
Орталық қазақстан,

Маңғыстау, Қазалы,
Ырғыз, Торғайда сақталған


Отырықшы

Б.з.д. 1-мыңжылдықтың бас кезінде көшпелі, жартылай көшпелі мал бағушы қауымдастық біртіндеп отырықшылыққа айналады.

Оңтүстік Қазақстандағы
Сыр, Шу, Талас,
Арыс Қаратаудың
оңтүстік беткейі

Шырық-Рабат, Бәбіш-Молда

Ежелгі ғұндардың көшпелі құрылымдары



III. Көшпеліле рдің өсірген



Қола дәуірінде Қазақстан жерін мекендеген тайпаларда қазақы қой тұқымы сан жағынан басым болды.



Ерта заманнан қойдан кейінгі саны жағынан екінші түлік-жылқы. Б.з.д.2 мыңжылдықтан бастап мінуге, жүк артуға, жегуге үйретілген.Сақ дәуірінде басы үлкен, аяғы қысқа, тұрқы ұзын, түгі қалың жылқы тұқымы кең тараған.



Қазақстан жерінде қола дәуірінен бері ірі қара **мал** өсірілген. Қола, ерте темір дәуірі ескерткіштерінен табылған **сиыр** сүйектері де ірі, орташа, ұсақ сиыр тұқымдарының болғандығын көрсетеді. Сыр, Ертіс, Жетісу аймақтары маңын мекендеген жартылай көшпелі тайпалар сиыр өсірген.

Б.з.д. II — I ғғ. жартастарға салынған қолға үйретілген және жабайы түйелер.

Суреттері:


1,6 — Арпаөзен (Оңтүстік Қазақстан),

2 — Тамғалы (Жетісу),

3 -Қалмаққырылған (Орталық Қазақстан),

4 — Остриково (Шығыс Қазақстан),

5 — Өкей (Шығыс Қазақстан)



**Қазақстандағы мал шаруашылығы
қалыптасқан жерлер.**



Мал шаруашылығы тараған аймақ

Қорытынды:

Сыныптағы жеке тұлғалардың сабаққа деген белсенділігі мен ізденімпаздығын бағалап, мұғалім дендеріне саулық, сабақтарында табыстан-табысқа жете берулеріне, шығармашылық жұмыстарына табыс тілеймін.

Қорыта келгенде осы сабағымда жеке тұлғалардың ой-өрісін кеңейтіп, алған білім дәрежесін саралауға өзі қызығатын пән төңірегіндегі білімін тексеруге, ізденімпаздығын арттыруға, білмегенді білуге ұмтылдыратын, сабақ үстінде, бос уақытта миды шынықтыруға бағытталды. Егеменді еліміздің толық қанды азаматы мен азаматшасын қалыптастыру талабы қазіргі мектеп пен пән мұғалімдерінің алдында ерекше міндеттер мен талаптар тұр.

Қоғамды, қоғамдық құбылыстарды, тарихи өзгерістерді жан-жақты түсіну бағытында өткен өмірімізді тарих беттерінен өте ерте кездегі тарихи кезеңдерді ондағы құбылыстарды жан-жақты білуіміз керек.

«Сөздің ең ұлысы, ең сипаттысы-тарих»

А. Байтұрсынов.

